

Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 26 қарашадағы № 2061 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 желтоқсанда № 9604 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69 -бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қостанай облысы әкімдігінің құрылышы, сәулет және қала құрылышы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне "Қостанай жоғары медициналық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жанындағы 250 орындық жатақхана құрылышы" объектісі бойынша инженерлік желілер мен тораптарды жүргізу мен пайдалану мақсатында, Қостанай қаласы, Баймағамбетов көшесі, 181/1 құрылыш мекенжайы бойынша орналасқан жалпы алаңы 0,2206 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумактық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

K. Ахметов